

**Әлібек
КАНТАРБАЕВ.**

Айтыстың ақмылтығы,
ақберені,
Ақынға кешеуілдеп бақ келеді.
Поэзия деген бір ақ көмені,
Сүйреу үшін керек-ау жақты
өрені.
Ақын деген - мұң менен шер
қоржыны,
Тасқайнат тағдыр оған тап
келеді.
Ақындар – рухы өшкен
шақта өледі,
Ақындар – тек өлген соң бақ
көреді...
(Автор)

Қарт Алтайдың өткен-кеткен тарихын ақтарып, өлеуіштен өткізер болсақ, оның жусанды даласы мен аспара шыңдарын дүбірге толтырып, айызын қандыра жырлап өткен ақындары да мол болғанына көзіміз жетер еді. Тек Өр Алтайдың өзінен ғана Таңырық, Мақажан, Әлімзауыр, Мәкилә сынды аузының түймесін ағытса бүрк та сарқ өлең-жыр атқылпайтын аймүйіздер шыққан ғой. Бұлар – біз білетіндер ғана. Тарих тозаңының астында қалғандары қаншама.


Десек те XX ғасырдың екінші жартысында өзінің өсем де сазды лирикасымен, асқақ та төкаппар азаматтық үнімен жаңа стиль, жаңа формасымен поэзия сахнасын Алтайда жатып-ақ дүбірге толтырған Ақтан Нұрбаевтың алатын орны тым бөлек екендігін айта кетпесе болмас.

Ақтан ақын боп туып, есепші болып пенделік ғұмыр кешіп, ақын боп фәни есігін тарс жаппан адам. Алласы алқалаған сегіз құлынын жеткізу жолында көкжұлын бола қызмет істеп, түн ортасы ауа білтелі шамның жарығымен жыр жазуға отырады екен. Ұйқысының түлкітік мөлшері үш-төрт сағаттан аспаса керек. Бұл деректі үлкен қызы Гүлнардан естігенбіз.

Пайғамбар жасында келместің қайығына отырып қайтпас сапарға аттанған ағамыздың артында қалған

АҚТАН АҚЫННЫҢ ОРЫНДАЛҒАН АРМАНЫ

**Зырян қаласында ақын атында
мешіт ашылып, жыр жинағының
тұсаукесері өтті**



текті ұрпағы әкелерінің тірліктегі арманын іске асырып-ақ жатыр. Үлкен қызы Гүлнар өкеден қалған рухани мол қазынаның төгіліп-шашылмай халқына жетуіне мұрындық болып жүрсе, ең кенже ұлы, шығыс өңіріне танымал кәсіпкер Ержан өкесінің есімін мәңгілікке қалдыру жолында хал-қадірінше тер төгуде.

Жуырда осы Ержан Ақтанұлы Зырян қаласында өз қаржысымен мешіт құрылысын салып бітіріп, соның ашылу салтанатын өткізді. Бұл – Зырян қаласындағы тұңғыш мұсылман мешіті. Мешіт құрылысына жалпы 17 миллион теңге қаржы шығарған. Ақ кірпіштен өрілген имандылық ғимаратының ашылу рәсіміне облыстың бас имамы Қондыбай қажы, облыс әкімдігінің жауапты қызметкерлері, алыс-

жақыннан шақырылған қонақтар, сол өңірдегі мұсылман қауымы молынан жиналды.

Салтанатқа арнайы келген облыстық мәслихаттың хатшысы В. Ахаев, Семей қаласының әкімі А. Қажыбаев, Еңбек Ері Бошай Кітапбаев, тағы басқалар ақ тілектерін білдірді.

Мешітте 150 адам еркін сияр құран бағыштайтын кең зал, намаз бөлмесі, тағы да мешітке қажетті көптеген бөлімдер қарастырылған. Оның үстіне мешіт қаланың орталық бөлігінде.

Зырянның имандылық жолына түскен қалың қазағы Ақтаннұс Ержаңдай ұлына ақ алғыстарын жаудырды.

Түс ауа кешілердің Мәдениет сарайында Ақтан ақынның "Айтып өткен ақында арман бар ма" атты жаңадан шыққан жыр жинағының тұсау-

кесері өтті. Бұл – Ақтан ақынның екінші жыр жинағы. Тірлігінде бірде-бір кітабын шығара алмай арманда кеткен ақынның тұңғышын 1995 жылы қызы Гүлнар мен осы Ержан ұлы Алматыдағы "Ғылым" баспасынан "Сырымды айтам" деген атпен шығартып еді. Ақынның онан кейінгі бір топ өлеңдері 1999 жылы Астанада, катонқарағайлық жеті ақынның "Ағажай, Алтайдай жер қайда" деген атпен шыққан жинағына кірген.

Енді, міне, облыстық мәдениет пен өнерді қолдау жөніндегі мемлекеттік қорының тікелей көмегімен Ақтан Нұрбаевтың тағы бір үлкен жинағы шықты.

Жинаққа оның өлеңдер топтамасымен бірге ақынның өмірінен мәліметтер берерлік көптеген суреттер кірген. Жинақтың екінші бөліміне ақын туралы оның ет жақындары, дос-жарандары, ақын-жазушылар жазған естеліктер еніпті.

Жинақ Өскемендегі "Медиа - Альянс" баспасынан жақсы түптеліп, қатты мұқабамен айықталып шыққан.

Зырян ауданының ойқырынан жиналған қалың жұрт Мәдениет үйінде ине шаншар саңлау қалдырған жоқ. Ақын туралы естеліктер айтылды, жырлар оқылды. Өскеменнен арнайы барған өңірлік тобы өз өнерлерін көрсетті.

Ақтан әрі айтыскер ақын болған ғой. Шығыс өңіріндегі айтыс ақындарының көшін бастаған да сол Сондықтан Өскеменнен арнайы барған Серікхан Жақиянов, Құралай Көмеліева, Есенбол Нақтыбай, Бұлбұл Қалқанбаева сынды ақындар айтыс үлгісін көрсетті.

Кешке келген қонақтарға қонақасы беріліп, ақын рухына қатым түсірілді.

Келген жұрт өзінің 40 жасқа келу күнімен тура келіп жатса да туған күнін өткізіп шабылмай, ел-жұртына, өке рухына ескерткіш орнатып жатқан Ержан Ақтанұлы сынды текті ұлына риза болып тарасты.